

VI сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXI сессиясының "Алматы қаласы бойынша іске асыруға жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы" 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 147 шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XLVII сессиясының 2019 жылғы 27 мамырдағы № 359 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 мамырда № 1566 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 14 мамырдағы № 115

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 14.05.2024 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы " Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Заңы 24-бабының 1) тармақшасына сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. VI сайланған Алматы қаласы мәслихаты XXI сессиясының "Алматы қаласы бойынша іске асыруға жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы" 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 147 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1404 болып тіркелген, 2017 жылғы 21 қыркүйекте "Алматы ақшамы" және " Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Алматы қаласы бойынша іске асыруға жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі: мынадай мазмұндағы, 13 жолмен толықтырылсын:

"

13.	Алматы арена және Халық аренаны көп функционалды және кешенді басқаруды ұйымдастыру	Алматы қаласы Спорт басқармасы
-----	---	--------------------------------

".

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және ресми интернет-ресурста жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы С.А. Козловқа жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*VI сайланған Алматы қаласы
мәслихатының XLVII
сессиясының төрағасы*

И. Байрамуков

*VI сайланған Алматы
қаласы мәслихатының хатшысы*

Қ. Қазанбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК